

"Ішкі істер органдарының лицензиялау-рұқсат беру жүйесін жүзеге асыру жөніндегі жұмысы туралы" нұсқаулықты және "Ішкі істер органдарында алынған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қарулар мен оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен материалдарды, оқ-дәріні, сұық қаруды қабылданап алу, есепке алу, сақтау және сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің 2003 жылғы 1 наурыздағы № 111 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 қазандағы № 566 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 29 ақпанды № 7453 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 29.03.2016 № 313 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ішкі істер органдарының лицензиялау-рұқсат беру жүйесін жүзеге асыру жөніндегі жұмысы туралы" нұсқаулықты және "Ішкі істер органдарында алынған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қарулар мен оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен материалдарды, оқ-дәріні, сұық қаруды қабылданап алу, есепке алу, сақтау және сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 2003 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің № 111 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде № 2257 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Ішкі істер органдарының лицензиялау-рұқсат беру жүйесін жүзеге асыру жөніндегі жұмысы туралы" нұсқаулық осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы (И.В. Лепеха) :

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын;

- 2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында осы бұйрықтың жариялануын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция полковнігі Қ. Тыныбековке жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғаш жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

К. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

төрағасы _____

2012 жылғы 31 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрі

2011 жылғы 18 қараша

2011 жылғы 04 қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрі

2011 жылғы 11 қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар

министрі

Қазақстан

Ішкі істер

2011 жылғы

№ 566 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан

Ішкі істер

2003 жылғы

№ 111 бұйрығымен бекітілген

Республикасы

министрінің

27 қазандары

Республикасы

министрінің

1 наурыздары

Ішкі істер органдарының лицензиялау және рұқсат

беру қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулық 1. Жалпы ережелер

1. Осы ішкі істер органдарының лицензиялау және рұқсат беру қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы", "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы", "Лицензиялау туралы", "Күзет қызметі туралы", "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес әзірленді және ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ПО) лицензиялау және рұқсат беру жүйесі бөліністерінің лицензиялау және рұқсат беру қызметін нақтылайды.

2. Лицензиялау және рұқсат беру қызметін жүзеге асырударғы ПО-ның

лицензиялау және рұқсат беру жүйесі бөліністерінің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасында азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымына мемлекеттік бақылауды және "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 3 тамыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1176 қаулысымен (бұдан әрі – № 1176 Қаулы) бекітілген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымының қағидалары талаптарын сақталуын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2) "Жарылғыш материалдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, тасымалдау, әкелу және әкету қағидаларын бекіту туралы" 2011 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1302 қаулысымен (бұдан әрі – № 1302 Қаулы) бекітілген жарылғыш материалдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, тасымалдау, әкелу және әкету қағидалары талаптарын сақталуын бақылау;

3) "Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету қағидаларын бекіту туралы" 2011 жылғы 7 қарашадағы № 1303 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен (бұдан әрі – № 1303 Қаулы) бекітілген азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету қағидалары талаптарының сақталуын бақылау болып табылады.

3. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымына мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыру шенберінде ПО заңды және жеке тұлғалармен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 тамыздағы № 692 қаулысымен бекітілген азаматтық және қызметтік атыс қаруы мен оның патрондарын, суық қаруды, сондай-ақ газ қаруы мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, сатып алу, коллекциялау, экспонаттау жөніндегі және азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, сатып алу жөніндегі қызметті лицензиялау ережелерін және оларға қойылатын Біліктілік талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Лицензиялау және рұқсат беру жүйесі бөліністерінің жұмысын ұйымдастыру

4. ПО-ның лицензиялау және рұқсат беру қызметін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің (бұдан әрі – ІМ ӘПК), Астана, Алматы қалаларының, облыстардағы және көліктегі ішкі істер департаменттері әкімшілік полиция басқармаларының (бұдан әрі – (К)ПД ӘПБ), қалалық, аудандық және желілік ішкі істер басқармалары, бөлімдерінің (бұдан

әрі – ҚАПО) лицензиялау және рұқсат беру жүйесі бөліністері ұйымдастырады.

5. Жүктеме нормалары лицензиялау және рұқсат беру жүйесі қызметкерінің штаттық бірлігін енгізуді көзdemейтін ҚАПБ-де бұл сала бойынша функция (К) ПД ӘПБ-да 10-күндік тағылымдамадан өтіп, лицензиялау және рұқсат беру жұмысын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерделеп, олар бойынша сынақтар тапсырғаннан кейін ҚАПО участекелік полиция инспекторларына басшылық ету жөніндегі бөліністердің кәсіби тұрғыда даярланған қызметкерлеріне

жүктеледі.

6. Лицензиялау және рұқсат беру жүйесі қызметкерлерін лауазымға тағайындау немесе қызмет бойынша ауыстыру жөніндегі мәселелер (К)ПД ӘПБ басшылар мен

кеleisіледі.

7. (К)ПД ӘПБ лицензиялау және рұқсат беру жүйесі бөліністерінің басшы құрамының лауазымдары ПМ ӘПК-мен келісім бойынша ауыстырылады.

8. ПО лицензиялау және рұқсат беру қызметін бақылау (К)ПД бастығының жетекшілік ететін орынбасарына, (К)ПД әкімшілік полиция бөліністері басшыларына, ҚАПО бастығына жүктеледі.

9. ПО-да лицензиялау және рұқсат беру жұмысын жүзеге асыратын қызметкерлер өз қызметінде ПО-ның басқа қызметтермен, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасады.

10. Лицензиялау және рұқсат беру жұмысын жүзеге асыратын қызметкер өз қызметін ПО-ның жұмыс жоспарына және жеке жоспарға сәйкес ұйымдастырады

11. Ішкі істер органдары мен бөліністерінің лицензиялау және рұқсат беру жүйесінің желісі бойынша міндеттерінде мынадай функцияларды:

1) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу, сақтау, тасымалдау, алып журу, әкелу, әкету және пайдалану тәртібіне мемлекеттік бақылайды;

2) осы Нұсқаулықтың 22-тармағында көрсетілген лицензиялар мен рұқсаттар барууді;

3) лицензиялау және рұқсат беру жүйесінің қолданысы тарапатын заттардың үрлануының, жоғалуының, сондай-ақ атыс қаруын қолдану арқылы жасалған қылмыстың әрбір фактісі бойынша қарудың пайда болуын, сатып алу (әзірлеу) көзіне, оны сақтау және алып журу заңдылығына қатысты мәселелерді, дер кезінде алынбау себептерін, үрланған және жоғалған қарулардың есебі бойынша тексеруді және т.б. көрсете отырып, қызметтік тексерістер жүргізуі.

Қызметтік тексеру қорытындыларының және кінәлілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы бұйрықтардың көшірмелерін ПМ ӘПК-ге: тіркелген азаматтық және қызметтік қаруларды қолданумен жасалған қылмыстар, сондай-ақ оларды үрлау және жоғалту бойынша күнтізбелік 15 күннен

кешіктірмей, тіркелмеген қаруларды қолдана отырып жасалған қылмыстар, оларды ұрлау және жоғалту, жарылғыш заттар мен материалдарды тауып алу бойынша күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей ұсынылады.

Әр ай сайын атыс қаруын қолданумен жасалған қылмыстарды жинақтап және талдау, оларды жоюға шаралар қабылдайды;

4) лицензиялау және рұқсат беру жүйесі әрекетіне түсетін азаматтық және қызметтік қару, жарылғыш материалдар, азаматтық пиротехникалық заттар мен бұйымдар айналымы саласында құқық бұзушылықтарды анықтау, ескерту және жолын кесуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруды;

5) лицензиялау және рұқсат беру жұмысы желісі бойынша ПО-ның жедел-қызметтік жұмысын жинақтау және талдауды;

6) лицензиялау және рұқсат беру жүйесі мәселелері бойынша азаматтарды қабылдауды, мемлекеттік органдардың, жеке және занды тұлғалардың өтініштері мен шағымдарын уақтылы және сапалы қарауды;

7) "Жеке және занды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қарудың әр бірлігін тіркеу және қайта тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетеу сапасын бақылауды қамтамасыз

е т у д і ;

8) лицензиялау және рұқсат беру жүйесі мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасу нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстарды әзірлеу мәселесі бойынша қызметтік қаруды пайдаланатын мұдделі мемлекеттік органдармен, ішкі істер органдарының қызметтерімен, күзет ұйымдарымен, табиғатты қорғау органдарымен, аңшылық шаруашылықтарымен, занды тұлғалармен семинарлар, кеңестер, жұмыс кездесулерін ұйымдастыру;

9) ПО-ның лицензиялау және рұқсат беру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерделеу бойынша қызметтік даярлық жүйесінде арнайы сабактарды ұйымдастыру және өткізу ді;

10) лицензиялау және рұқсат беру жұмысының, оның ішінде шетелдік оң тәжірибелі зерделеу және енгізу ді;

11) ПО-ның лицензиялау және рұқсат беру жүйесі қызметін жариялау бөлігінде бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмысты ұйымдастыру, халық арасында осы Нұсқаулықтың З-тармағында көрсетілген талаптарды сақтау және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

12) ПО-ның лицензиялау және рұқсат беру жүйесі мәселелері бойынша басқа мемлекеттік органдармен, ПО қызметтерімен өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

12. Лицензиялау және рұқсат беру жұмысын жүзеге асыратын қызметкерге азаматтардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өкілдерін қабылдауға ынғайлы болу үшін аумақтық ішкі істер органының ғимаратында бірінші қабатта орналасқан және телефон байланысымен жабдықталған жеке

13. Лицензиялау және рұқсат беру жүйесінің қызметкерлері қажетті бағдарламалары және ПМ Біріктірілген деректер базасы (бұдан әрі – БДБ) "Тіркелген қару" және "Криминалдық қару", сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Қылмыстық статистика және арнайы есептер жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – БП ҚСАЕК) базасы есептеріне енуге рұқсаты бар дербес компьютерлік техникамен қамтамасыз етіледі.

14. Лицензиялау және рұқсат беру жүйесі қызметкерінің қызметтік кабинетінің алдына әр түрлі рұқсаттар мен лицензияларды алу кезінде ресімделетін құжаттардың үлгілері, азаматтарды қабылдау кестесі, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың азаматтық және қызметтік қаруларының әр бірлігін тіркеу және қайта тіркеу мәселелерін реттейтін, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар, жарылғыш материалдар айналымы саласындағы бұзушылықтар үшін жауапкершілігі туралы ескертетін нормативтік құқықтық актілердің үзінділері (көшірмелері) бар стенд Лицензиялау және рұқсат беру жұмысының мәселелері бойынша өтініш білдірген азаматтар мен ұйымдардың өкілдері үшін ПО-ның лицензиялау және рұқсат беру жұмысын жүзеге асыратын қызметкердің қызметтік кабинетінің алдында Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес стендке орналастырылған ақпараттар үлгілері ілінеді.

15. ПО-ында лицензиялау және рұқсат беру жүйесінің мәселелері бойынша азаматтар мен кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың өкілдерін қабылдау аптасына кеміне екі рет, оның ішінде бір рет кешкі уақытта, сондай-ақ айна екі рет – демалыс күндері жүзеге асырылады. Азаматтарды және ұйым, мекеме, кәсіпорын өкілдерін есепке алу лицензиялау-руқсат беру жүйесі мәселелері бойынша азаматтарды және ұйым, мекеме, кәсіпорын өкілдерін есепке алу журналы бойынша Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша жүргізіледі.

16. (К)ПД "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Заңына сәйкес лицензиялау және рұқсат беру жүйесі әрекетіне түсетін объектілерді тексерудің жартышылдық жоспарын жыл сайын 20 мамырда және 20 қарашада ПМ ӘПК-ге ұсынады.

Тексеріс жоспарлары (К)ПД-нің бастықтары немесе олардың орынбасарларымен бекітіледі.

17. Лицензиялау және рұқсат беру жүйесі әрекетіне түсетін объектілерді тексерулер "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Тексеріс нәтижелері бойынша лицензиялау және рұқсат беру жүйесі объектілерін тексеру туралы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес нысаны

б о й ы н ш а

а к т

т о л т ы р ы л а д ы .

18. Лицензиялау және рұқсат беру жүйесі бөліністері қызметінің нәтижелері (К)ПД, ҚАПО басшылығы жанындағы жедел кеңестерде өр тоқсан сайын қаралады.

3. Рұқсат беру құжаттарын беру бойынша ПО-ның лицензиялау және рұқсат беру жұмысын жүзеге асыруды үйімдастыру

19. ПМ және оның аумақтық органдары заңды және жеке тұлғаларға мынадай рұқсат құжаттарының түрлерін береді:

1) I I M :

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, саудасы, коллекциялау, экспонаттау; сатып алу жөніндегі қызмет түрлеріне лицензияларды;

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданып жасалған бұйымдарды өндіру, өндіру, саудасы, пайдалану қызметі түрлеріне лицензияларды;

заңды және жеке тұлғаларға Нұсқаулықтың 4 және 5-қосымшаларына сәйкес нысандары бойынша № 1176 Қаулының 110, 111-тармақтарына сәйкес қызметтік және азаматтық қару мен оның патрондарын әкелу және әкету рұқсаттарын;

лауазымдары "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының саяси тұлғаға, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарына жататын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пайдалануға арналған № 1176 Қаулымен бекітілген нысандар бойынша қызметтік қаруды сақтау, сақтау және алып жүру рұқсатын;

№ 1176 Қаулының 112-тармағына сәйкес шетел азаматтарына Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша азаматтық қаруды әкелу, әкету рұқсатын;

№ 1176 Қаулымен бекітілген нысандар бойынша шетел азаматтарына азаматтық қаруды сатып алу, сақтау, сақтау және алып жүру рұқсатын;

№ 1176 Қаулысымен бекітілген нысаны бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарына сыйға берілген қаруды сақтау және алып жүру құқығына рұқсатын;

№ 1176 Қаулының 119-тармағына сәйкес шетел құқық қорғау органдары (полиция) қызметкерлеріне жауынгерлік қол атыс қаруы мен олардың патрондарын әкелуге, әкетуге Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша рұқсат береді;

заңды тұлғаларға мыналарды:

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, жарылғыш материалдарды, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданып жасалған

бұйымдарды импортқа (экспортқа) лицензиялау етініштерін; қызметтік және азаматтық спорттық ойық қару мен оның патрондарын сатып алуға лицензия алуға үміткер занды тұлғаларға қару мен оның патрондарының қажетті саны туралы мәліметті келіседі.

Ескерту: Сыйға берілген қаруды сақтау және алып жүру рұқсатына Ішкі істер министрі немесе оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

Ойық ұнғылы атыс қаруын сатып алу, сақтау және алып жүру рұқсатын, сондай-ақ саяси мемлекеттік қызметшілерге қызметтік қаруды сақтау және алып жүру рұқсатына Ішкі істер министрі және оның орынбасарлары қол қояды.

Жоғарыда көрсетілген қалған рұқсат беру құжаттары түрлеріне ПМ ЭПК-нің тәрағасы және оның орынбасарлары қол қояды.

Ерекше жағдайларда аумақтық ПО лицензиялау және рұқсат беру жүйесінің бөліністері беретін басқа рұқсат беру құжаттарын алу мәселелері бойынша занды және жеке тұлғалар тікелей жүгінген кезде оларды ПМ ЭПК қарастырып және

р е с і м д е й

а л а д ы .

2) Астана, Алматы қалаларының, облыстардағы ішкі істер департаменттері: азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын коллекциялау, экспонаттау және жөндеу, сондай-ақ сатып алу жөніндегі қызмет түрлеріне

лицензияларды;

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданып жасалған бұйымдарды сатып алу жөніндегі қызмет түріне лицензия;

№ 1176 Қаулымен бекітілген нысаны бойынша занды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдау құқығына рұқсатты;

№ 1176 Қаулымен бекітілген нысандар бойынша ойық ұнғылы азаматтық аңшылық қаруды сатып алу, сақтау, сақтау және алып жүру құқығына рұқсатты;

№ 1176 Қаулымен бекітілген нысандар бойынша ерекше жарғылық міндеттері бар занды тұлғаларға және күзет қызметінің субъектілеріне қызметтік ойық ұнғылы қаруды сақтау, сақтау және алып жүру құқығына рұқсатты;

№ 1176 Қаулымен бекітілген нысаны бойынша жеке және занды тұлғаларға атыс тирлерінің (атыс аландары) және стенділердің жұмыс істеуіне рұқсатты;

№ 1176 Қаулының 62-тармағына сәйкес азаматтық және қызметтік ойық қаруды комиссиялық сатуға Нұсқаулықтың 6-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша

ж о л д а м а с ы н ;

№ 1176 Қаулының 20-тармағына сәйкес азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданып жасалған бұйымдарды сақтау Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес

нысаны бойынша рұқсатын;

Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша № 1176 Қаулының 111, 114 және 115-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарына азаматтық (спортық) қарудың санаулы даналарын әкелу және

ә к е т у

р ұ қ с а т ы н

б е р е д і ;

қызметтік, азаматтық спорттық ойық қару мен оның патрондарын сатып алуға лицензия алуға үміткер занды тұлғаларға қару мен оның патрондарының қажетті саны туралы (К)ПД-нің бастықтары немесе олардың лицензиялау және рұқсат беру жүйесі бөлінісінің қызметіне жетекшілік ететін орынбасарлары қол қойған мәліметтерді дайындауды және Қазақстан Республикасы ПМ-ге келісуге ж о л д а й д ы ;

занды тұлғаларға мыналарды келіседі:

қызметтік қару мен оның патрондарының (ойық қарудан басқа) қажетті саны т у р а л ы м ә л і м е т т і ;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, азаматтық пиротехникалық заттар мен бұйымдарды өндіру, өндірү, саудасы құқығына лицензия алуға үміткер занды тұлғаларға лицензия алар алдындағы құжаттар да й а н д а у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Ескерту: Ойық ұнғылы азаматтық атыс қаруын сатып алу, сақтау және алып жүру рұқсатына ПД бастығы немесе оның міндетін атқаратын адам қол қояды.

Жоғарыда көрсетілген қалған рұқсат беру құжаттарына ПД бастықтарының лицензиялау және рұқсат беру жүйесіне жетекшілік ететін орынбасарлары, әкімшілік полиция басқармасының бастығы немесе олардың міндетін атқаратын а д а м д а р қ о л қ о я д ы .

Лицензиялау және рұқсат беру жұмыстары желісі бойынша өзінің функцияларын толық жүзеге асырып ПД ӘПБ осы Нұсқаулықтың 19-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген рұқсат беру құжаттарының басқа т ү р л е р і н б е р е а л а д ы .

3) Қалалық және аудандық ішкі істер басқармалары (бөлімдері): азаматтық және қызметтік қаруды (ойық қарудан басқа) және оның партондарын сатып алу жөніндегі қызмет түріне лицензиясын;

№ 1176 Қаулымен бекітілген нысандар бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарына азаматтық қаруды (ойық қарудан басқа) сатып алу, сақтау, сақтау және алып жүру құқығына рұқсатты;

№ 1176 Қаулымен бекітілген нысандар бойынша ерекше жарғылық міндеттері бар занды тұлғаларға және күзет қызметінің субъектілеріне қызметтік қаруды (ойық қарудан басқа) сақтау, сақтау және алып жүру құқығына рұқсатты;

№ 1176 Қаулымен бекітілген нысаны бойынша занды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдау құқығына рұқсатты;

№ 1302 Қаулымен бекітілген нысаны бойынша жарылғыш материалдарды сақтау р ұ қ с а т ы н ;

№ 1302 Қаулымен бекітілген нысаны бойынша жарылғыш материалдарды сатып а л у р ұ қ с а т ы н ;

№ 1176 Қаулының 62-тармағына сәйкес азаматтық және қызметтік (оыйқ қарудан басқа) қаруды комиссиялық сатуға Нұсқаулықтың 6-қосымшасына сәйкес нысандары бойынша жолдама береді;

қызметтік қару (оыйқ қарудан басқа) және оның патрондарын сатып алуға лицензия алу құқығына үміткер заңды тұлғаларға ҚАПО бастығы немесе олардың лицензиялау және рұқсат беру жүйесі бөліністеріне жетекшілік ететін орынбасарының қолы қойылған қару мен оның патрондарының (оыйқ қарудан басқа) қажетті саны туралы мәліметтерді дайындайды және ПД келісуге жолдаиды.

Жоғарыда санамаланған лицензиялар мен рұқсаттарға ішкі істер органының бастығы, оның лицензиялау және рұқсат беру жүйесіне жетекшілік ететін орынбасары немесе олардың міндеттерін атқаратын адамдар қол қояды.

4) Көліктегі ішкі істер органдары:

заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу жөніндегі қызмет түріне лицензия;

№ 1176 Қаулемен бекітілген нысандар бойынша ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғаларға және күзет қызметінің субъектілеріне қызметтік қаруды (оыйқ қарудан басқа) сақтау, сақтау және алып жүру құқығына рұқсатын;

оыйқ ұнғылы қару мен оның патрондарының қажетті саны туралы мәліметтерді КПД-нің бастығы немесе оның лицензиялау және рұқсат беру жүйесі бөліністерінің қызметіне жетекшілік ететін орынбасары немесе олардың міндеттерін атқаратын адамдар қол қойған мәліметтерді дайындайды және Қазақстан Республикасы ПМ-ге келісуге жолдайды;

қызметтік қару мен оның патрондарының (оыйқ қарудан басқа) қажетті саны туралы мәліметтерін келіседі.

Жоғарыда санамаланған лицензияларға, рұқсаттарға және келісімдерге КПД бастығы, оның лицензиялау және рұқсат беру жүйесі бөліністерінің қызметіне жетекшілік ететін орынбасары, әкімшілік полиция басқармасының бастығы немесе олардың міндетін атқаратын адамдар, желілік полиция бөлімдерінің, бөлімшелерінің бастықтары қол қояды.

Ескеरту: Оыйқ ұнғылы қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу лицензиясын, сақтау, сақтау және алып жүру құқығына рұқсатына лицензиялау және рұқсат беру жүйесі бөліністерінің қызметіне жетекшілік ететін КПД бастығының орынбасары, әкімшілік полиция басқармасының бастығы немесе олардың міндетін атқарушы адамдар қол қояды.

4. Лицензиялар мен рұқсаттарды беруді есепке алу

20. Қызметтік, азаматтық қару мен оның патрондарын, жарылғыш материалдарды, пиротехникалық заттар мен бұйымдарды сатып алуға, қызметтік, азаматтық қару мен оның патрондарын, жарылғыш материалдарды, пиротехникалық заттар мен бұйымдарды сақтауға рұқсат беру және лицензиялардың бланкілері қатаң түрдегі есеп құжаттары болып табылады және типографиялық тәсілмен нөмірленіп, рұқсат беру, лицензия беру журналына

түптелуі тиіс.

21. Берілген лицензиялар мен рұқсаттар есепке алу кітабына және белгіленген тәртіптегі журналға Нұсқаулықтың 8, 9, 10 және 11-қосымшаларына сәйкес нысандары бойынша енгізіледі. Есепке алу кітабы және журналы нөмірленіп, тігіледі және ПО-ның "Лицензиялау-рұқсат беру жүйесі" деген бедері бар мөрі қоюлады.

22. Есепке алу кітабы және журналы ПО-ның кеңесінде тіркеледі.

5. Лицензиялау және рұқсат беру жүйесі әрекетіне түсетін объектілерді, бұйымдар мен құралдарды есепке алу

23. Лицензиялау және рұқсат беру жүйесі әрекетіне түсетін объектілер, бұйымдар мен құралдардың есебі тиісті журнал Нұсқаулықтың 12-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша жүзеге асырылады.

24. Лицензиялау және рұқсат беру жүйесінің әр объектісіне Нұсқаулықтың 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бақылау-қадағалау ісі жүргізіледі, оған лицензиялау және рұқсат беру жүйесі объектілерін, бұйымдар мен құралдарын есепке алатын журналға сәйкес тіркеу нөмірі беріледі. Бір мекеме объектілерінің бақылау-қадағалау істері бір папкада болады.

25. Лицензиялау және рұқсат беру жүйесі объектісінің бақылау-қадағалау ісі екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде, объектіні ашу үшін негіз болған материалдар; қызмет түріне лицензия алуға байланысты хат хабар алмасу, құралдар мен заттарды сатып алуға, сақтауға, тасымалдауға рұқсаттар, анықталған зан бұзушылықтар туралы материалдар мен оларға жауаптар, объектілерді тексеру туралы актілер мен баяннattар, құралдар мен заттарды сатып алуға берілген лицензиялардың немесе рұқсаттардың телнұсқалары, лицензия бергені үшін лицензиялық алымды, рұқсат бергені үшін мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртектер болады;

Екінші бөлімде – құзет жеке құрамының тізімдері, бекеттердің орналасуы, бұйымдар мен заттарды сақтауға, тасымалдауға және қолдануға рұқсаттары бар адамдар туралы деректер, көрсетілген адамдарды тексеру материалдары жинақталауды.

26. Лицензиялау және рұқсат беру жүйесінің қызметкері қызметтік қару,

жарылғыш материалдар және пиротехникалық заттар мен олар қолданып жасалған бұйымдармен жұмыс істеуге рұқсат берілген адамдарды қолданыстағы ПО және ҚСАЕК есептері бойынша кемінде жылына бір рет тексереді. Тексеріс нәтижелері объектінің бақылау-қадағалау ісінің екінші бөліміне тігіледі.

27. Ұйымдар мен мекемелердің басшылары жұмыстарға рұқсатты келісу үшін аумақтық ішкі істер органдарына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) аты, тегі, әкесінің аты, туған күні, жылы және жерін, тұрғылықты мекенжайын көрсете отырып, адамдардың тізімін;

2) көрсетілген жұмыс түріне жарамдылығын куәландыратын анықтамалар (психоневрологиялық, наркологиялық диспансерлердің анықтамаларын);

Хат келіп түскен күннен бастап бір айға дейін лицензиялау және рұқсат беру жұмысын жүзеге асыратын қызметкерлері көрсетілген адамдарды ПО-ның барлық есептері және тұрғылықты мекенжайы бойынша тексереді.

2 8 . Е г е р :

1) психоневрологиялық, наркологиялық диспансерлердің есебінде тұрмайтыны туралы анықтаманы ұсынбаған жағдайда;

2) қасақана қылмыстар жасағаны үшін өтелмеген немесе соттылығы шешілмеген жағдайда ;

3) тұрғылықты мекенжайы болмаған жағдайда;

4) 1 8 жасқа толмаса ;

5) қызметтік қаруға рұқсатты ресімдеу кезінде 19 жасқа толмаса (күзет қызметі субъектілері үшін ғана);

6) бір жыл ішінде қоғамдық тәртіпке қол сұққан әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаса ;

7) ПО және ҚСАЕК тиісті есептерінде тұрса ПО бұйымдар мен заттармен жұмыстарға жол беруге, сондай-ақ қызметтік қаруды сақтау және алып жүргүре рұқсат беруден бас тартылады .

29. Бұйымдар мен заттарды сатып алу, сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, күзетумен байланысты жұмыстарға рұқсат берілген адамдардың тізіміне ішкі істер органының бастығы немесе оның орынбасары қол қояды.

30. Бұйымдар мен заттарды сатып алу, сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, күзетумен байланысты жұмыстарға рұқсат беруге кедергілер болса ішкі істер органы ол туралы үйим, мекеме, кәсіпорын әкімшілігіне жазбаша түрде хабарлады .

31. Заңды тұлғалар балансындағы қолда бар азаматтық және қызметтік қаруларды өздерінің филиалдарына (өкілдіктеріне) тапсырған кезде, оларды аумақтық қатынастарына қарамастан тапсыратын тараптың ПО қабылдан алатын ПО-на қаруды тапсыру туралы хабарламаны Нұсқаулықтың 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қабылдан алатын ПО жолдайды.

Қабылдаған тараптың ПО тапсырған тараптың ПО есепке қойылғаны туралы хабарлама жолдайды, бұдан кейін тапсырылатын қару тапсыратын тараптың ПО е с е б і н е н ш ы ғ а р а д ы .

32. Кесіпорындарда, үйымдарда, мекемелерде және оқу орындарында қызметтік қару мен оның патрондарының есебі Нұсқаулықтың 15-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша кітабында жүргізіледі.

33. Тиісті қызмет түріне лицензиясы бар занды тұлғалар қару сатып алған, сатылған және жөндеуге жататын қарулардың есебі Нұсқаулықтың 16-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша жүргізіледі.

Азаматтық және қызметтік қару саудасымен айналысатын занды тұлғалар "Сатып алған және сатылған қызметтік және азаматтық қару мен оларды сатып алушылар туралы әр ай сайынғы мәліметтерді" келесі есеп беру айнан соң әр айдың 5 күні Нұсқаулықтың 16-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша ПД

Ә П Б - г е ұ с ы н а д ы .

34. Шығындалған патрондардың есебін патрондарды тарату-тапсыру ведомосі және патрондарды шығысқа шығару актісі негізінде Нұсқаулықтың 17-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша жүргізіледі.

35. Бақылау-қадағалау істері лицензиялау және рұқсат беру жұмыстарын жүзеге асыратын қызметкерде сақталады. Объектіні жойған кезде бақылау-қадағалау ісі мұрағатқа тапсырылады, ал объектіні басқа ПО-ның бақылауына тапсырған кезде – соңғысына беріледі.

36. (К)ПД Әкімшілік полиция басқармалары әр ҚАПО есептік іс жүргізеді, онда осы органда лицензиялау және рұқсат беру жұмысын жүзеге асыратын қызметкерлер туралы мәліметтер, осы ПО қызмет көрсететін лицензиялау және рұқсат беру жүйесі объектілері туралы мәліметтерді олардың ведомстволық тиістілігін көрсете отырып, қамтиды.

6. ПО азаматтық қару иелерінің есебі

37. Азаматтық қару иелерінің есебін журналда Нұсқаулықтың 18-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша лицензиялау және рұқсат беру жұмысын жүзеге асыру жүктелген қызметкер жүргізеді.

38. Журнал нөмірленіп, тігіледі және ПО-ның "Лицензиялау-рұқсат беру жүйесі" деген бедері бар мөрі қойылады, ПО-ның кеңесінде тіркеледі.

39. Иелігінде азаматтық қару бар (қызметтік қарудан басқа) әр адамға жеке іс Нұсқаулықтың 19-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша ашылады.

Ойық атыс қару иеленушілердің жеке істері (К)ПД әкімшілік полиция басқармасында жүргізіледі, ал тегіс ұңғылы, газды, травматикалық және электрлік қару иелерінің істері – ҚАПО.

40. Азаматтық қару иелерінің жеке істерінде мынадай құжаттар болуы тиіс:

1) қаруды сатып алуға, сақтауға немесе сақтау және алып жүргуге рұқсат алу туралы мәселені қарау үшін негіз болған өтініш;

2) карточка-өтініш Нұсқаулықтың 20-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша;

3) қару иелерінің тексеріс материалдары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 6697 тіркелген) 2010 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының № 907 бұйрығымен бекітілген нысаны бойынша (азаматтық және қызметтік қаруды сатып алу, сақтау, сақтау және алып жүру үшін (медициналық тексеру қорытындысы), қаруды ұстаудың қауіпсіздік ережелерін білуін растайтын тексеріс туралы және сottылығының жоқтығы, қоғамдық тәртіпке немесе белгіленген басқару тәртібіне, тұлғаға және отбасы-тұрмыстық қатынастар саласы, кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғушылық, белгіленген қару айналымы ережелерін бұзушылық әкімшілік құқық бұзушылықтардың бар-жоғы тұралы анықтамалары);

4) қаруды сатып алу рұқсатының телнұсқасы немесе қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүргуге рұқсат беру үшін негіз болған басқа да құжаттар;

5) қарудың әрбір бірлігін тіркеу (қайта тіркеу) және Салық кодексіне сәйкес қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүргуге рұқсат беру үшін мемлекеттік баж төлеу тұралы түбіртектер;

6) Нұсқаулықтың 21-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша қаруды сақтауға арналған жағдайлардың бар-жоғы туралы участекелік полиция инспекторының тексерісі жөніндегі баянاتы.

Лицензиялау және рұқсат беру жүйесінің қызметкери тоқсан сайын Қазақстан Республикасы ПМ БДБ және ҚСАЕК бар есептері бойынша азаматтық қару иелерін тексереді. Тексеріс нәтижелері азаматтық қару иелерінің жеке істеріне тігіледі.

41. Азаматтық қару иелерінің жеке істері лицензиялау және рұқсат беру жүйесін жүзеге асыруши қызметкерінің қызметтік кабинетінде сақталады.

42. Қаруды ПО есебінен шешу үшін:

қаруды сату (кімге сатылғанын көрсете отырып);

қаруды сыйфа беру (кімге сыйланғанын көрсете отырып);

қаруды жоғалту;

өз еркімен рұқсаттан бас тарту;

қару иесінің қайтыс болуы;

рұқсат күшінің жойылуы;

қару иесінің қылмыстық жауапкершілікке тартылуы;

мемлекет ішінде тұрғылықты мекенжайын ауыстыруы (қару иесінің көшкен орнын көрестүмен);

қару иесінің тұрақты тұруға шетелге шығуымен;
қ а р у д ы н ү р л а н у ы ;
қ а р у д ы н ж о й ы л у ы ;
бұрын тіркелген қару иесінің 3 ай ішінде мекенжайы анықталмағаны негіз
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ескерту: Міндетті түрде ПМ "Тіркелген қару" БДБ есебінен алып тасталады.

43. Қару иесінің тұрғылықты мекенжайын ауыстырғаны туралы жаңа тұрғылықты мекенжайы бойынша Нұсқаулықтың 22-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша ПО хабарлама жолданады. Жаңа мекенжайы бойынша ПО есепке алынғаны туралы хабарламаны алғаннан соң қаруы ПО есебінен алынады.

Қаруды тәркілеу, өз еркімен тапсыру, сату, қару иесінің қайтыс болуы жағдайларында жеке істері мұрағатқа тапсырылады, ол туралы қару иелерін есепке алу журналында тиісті жазба жасалады.

